ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО ЭНЕРГЕТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016ж. 08 шілде № 308

Астана қаласы

город Астана

**«Ядролық технологиялар паркі» акционерлік қоғамының 2015 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту және таза табысын бөлу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 7) мен 8) тармақшаларына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрінің 2012 жылғы 4 шілдедегі № 227 бұйрығымен бекітілген «Ядролық технологиялар паркі» акционерлік қоғамы Жарғысының 33 тармағының 9) және 10) тармақшаларына және «Ядролық технологиялар паркі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің ішкі отырысының қорытындылары туралы 2016 жылғы 31 мамырдағы №2 хаттамасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешендіру комитетінің 2016 жылғы 20 маусымдағы № КГИП-5-4690-КГИП-2102 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) «Ядролық технологиялар паркі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі-Қоғам) 2015 жылғы жылдық қаржы есептілігі (071100, Курчатов қаласы, Курчатов көшесі, № 18/1, БСН:050940003709 ЖСК: KZ569 260 301 134 960 000, «Казкоммерцбанк»» акционерлік қоғамы, БСК: KZKOKZKX, Кбе-17);

2) Қоғамның 2015 жылдың қорытындысы бойынша алынған 112 855 800 (жүз он екі миллион сегіз жүз елу бес мың сегіз жүз) теңге мөлшеріндегі таза табысы төмендегідей бөлінсін:

таза табыстың 56 427 900 (елу алты миллион төрт жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз) теңге сомасындағы 50 (елу) пайызы Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивиденд төлеуге республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін;

таза табыстың 56 427 900 (елу алты миллион төрт жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз) теңге сомасындағы 50 (елу) пайызы дамыту үшін Қоғам иелігінде қалдырылсын.

3) 2015 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясының есебіне 64 теңге 34 тиын (алпыс төрт теңге отыз төрт тиын) дивидендтің мөлшері бекітілсін.

010997

2. Қоғамның Басқарма төрағасы (Борисенко А.Н.):

1) осы бұйрыққа қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтердің аударылуын қамтамасыз етсін;

2) таза табыстың 56 427 900 (елу алты миллион төрт жүз жиырма жеті мың тоғыз жүз) теңге сомасындағы 50 (елу) пайызын дамытуға Қоғам иелігінде қалдыруды қамтамасыз етсін;

3) жылдық қаржылық есепті бекіткен күннен бастап он жұмыс күнінің ішінде электрондық есепті қаржылық есептіліктін депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін;

4) 2016 жылғы 31 тамыздан кешіктірмей Қоғамның 2015 жылғы жылдық қаржылық есептілігін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Б.М. Джаксалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының**
**Энергетика министрі** **Қ. Бозымбаев**

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЭНЕРГЕТИКА
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
ЭНЕРГЕТИКИ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

08 июля 2016г. № 308

Астана қаласы

город Астана

**Об утверждении годовой финансовой отчетности и распределении чистого дохода акционерного общества «Парк ядерных технологий» за 2015 год**

В соответствии с подпунктами 7) и 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», пунктом 3 постановления Правительства Республики Казахстан от 26 июля 2007 года № 633 «О дивидендах на государственные пакеты акций и доходах на государственные доли участия в организациях», подпунктами 9) и 10) пункта 33 Устава акционерного общества «Парк ядерных технологий», утвержденного приказом Первого вице-министра индустрии и новых технологий Республики Казахстан от 4 июля 2012 года №227, протоколом итогов очного заседания Совета директоров акционерного общества «Парк ядерных технологий» от 31 мая 2016 года № 2 и письмом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 20 июня 2016 года № КГИП-5-4690-КГИП-2102,**ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить:

1) годовую финансовую отчетность акционерного общества «Парк ядерных технологий» (далее-Общество) за 2015 год (Республика Казахстан, 071100, город Курчатов, улица Курчатова, 18/1, БИН: 050940003709, ИИК: KZ569 260 301 134 960 000, акционерное общество «Казкоммерцбанк», БИК: KZKOKZKX, Кбе-17);

2) порядок распределения чистого дохода Общества по итогам 2015 года в размере 112 855 800 (сто двенадцать миллионов восемьсот пятьдесят пять тысяч восемьсот) тенге, следующим образом:

50 (пятьдесят) процентов в сумме 56 427 900 (пятьдесят шесть миллионов четыреста двадцать семь тысяч девятьсот) тенге направить на выплату дивидендов на государственный пакет акций Общества в доход республиканского бюджета;

50 (пятьдесят) процентов в сумме 56 427 900 (пятьдесят шесть миллионов четыреста двадцать семь тысяч девятьсот) тенге оставить в распоряжении Общества на развитие;

3) размер дивиденда по итогам 2015 года в расчете на одну простую акцию Общества 64 тенге 34 тиын (шестьдесят четыре тенге тридцать четыре тиын).

2. Председателю правления Общества (Борисенко А.Н):

1) в течение десяти календарных дней со дня подписания настоящего приказа обеспечить перечисление дивидендов на государственный пакет акций Общества;

2) обеспечить направление 50 (пятидесяти) процентов чистого дохода в сумме 56 427 900 (пятьдесят шесть миллионов четыреста двадцать семь тысяч девятьсот) тенге на развитие Общества;

3) в течение десяти рабочих дней со дня утверждения годового финансового отчета обеспечить направление электронного отчета в организацию по ведению депозитария финансовой отчетности;

4) в срок не позднее 31 августа 2016 года опубликовать в средствах массовой информации годовую финансовую отчетность Общества за 2015 год.

3. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на вице-министра энергетики Республики Казахстан Джаксалиева Б.М.

4. Настоящий приказ является решением единственного акционера Общества и вступает в силу со дня его подписания.

**Министр энергетики**
**Республики Казахстан** **К. Бозумбаев**